Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 8D02209 – «Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Морякова Малика Темирхановнаның «Түрік тарихнамасындағы Орталық Азия түркітілдес көшпенділерінің мәдени дәстүрлері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қарастырылып отырған диссертациялық жұмыс Орталық Азиядағы түркітілдес көшпелі халықтардың мәдени дәстүрлерінің түрік тарихнамасындағы зерттелуіне арналып отыр. Тарихнамалық бұл тақырыптың өзектілігі ең алдымен, этникалық мәдениеттің, соның ішінде мәдени дәстүрдің кез келген этностың тіршілігіндегі сан салалы, сан деңгейлі функцияларымен негізделінеді. Өйткені мәдениет, біріншіден, этносты әлеуметтік мәнді харекетінің бағыт-бағдарын анықтап жұмылдыратын әрі реттеп отыратын функция атқарады. Екіншіден, айтылған қисын тұрғысынан мәдени дәстүрдің халықтың өзіне ғана тән этникалық болмыс-бітімін қалыптастыруда және орнығуында шешуші рөл атқаратындығын парықтауға болады. Үшіншіден, мәдениеттің, мәдени дәстүрдің аталмыш функционалдық болмысына байланысты ол қоғамдық-саяси жағынан да айрықша өзіндік өзектілігімен дараланады. М.Т. Морякованың диссертациясында дұрыс көрсетілгендей, XX ғасырдың Түркия Республикасының негізін қалаушы әрі тұңғыш Президенті М.К. Ататүріктің 20–30-жылдары жергілікті түрік халқының мәдени дәстүрінің шаруашылыққа, күнделікті тұрмысына, дүниетанымына, этностың тіршілік циклында атқарылатын сан алуан әдет-ғұрыптық харекетіне, әдеби-фольклорлық мұрасына және осы құралыптас басқа да әртүрлі қырларына айрықша мән бергендігі сондықтан. Диссертацияда нақты мәліметтерге сүйене отырып, соның ішінде қазіргі кезеңге дейін жарық көрген тарихнамалық зерттеулер негізінде М.Т. Морякова төмендегідей қорытындыға келеді: Ататүрік тұсында түрік елінде жүргізілген сан реформалардың ішінде мәдени дәстүрдің ерекше қоғамдық саяси өзектілігі осы мәселені, соның ішінде бұрын көшпелі тіршілік кешкен Орталық Азиялық түркітілдес этностардың да мәдениетін зерттеуге үлкен серпін берді. Диссертанттың мәліметіне қарағанда, қазірге дейін аталмыш тақырып бойынша «сөз болып отырған мәселенің түрік тарихнамасында, соның ішінде әсіресе шығыстану саласында, түрік этносының өзіндік төл мәдениетімен қатар, Орталық Азиядағы түркітілдес халықтардың мәдени дәстүрлеріне айрықша назар аударылды және әлі де аударылып келеді. Нәтижесінде, қазіргі уақытқа дейін Орталық Азияның байырғы тұрғындары – түркітілдес этностардың мәдени дәстүрлерін әр қырынан танытатын тарихшылар, мәдениеттанушылар, этнологтар (әлеуметтік-мәдени антропологтар), әдебиетшілер, тілтанушылар сынды басқа да әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар салалары өкілдерінің монографиялық, мақалалық, ғылыми-

көпшілік құралыптас форматтағы жүздеген зерттеулері жарық көріп отыр». Зерттеу барысында диссертант қарастырып отырған тақырыпты «әр қырынан талдаған түрік ғалымдарының еңбектері жүйеленіп, олардың жалпы саны 208 бірлікті құрайтыны анықталды, соның ішінде 53 монография, 150 ғылыми мақала және 5 диссертациялық зерттеу бар». Осынау тарихнамалық көрсеткіш, диссертант дұрыс байқағандай, сан алуан аспектілерден тұратын мәдени дәстүр тақырыбының түрік тарихнамасында біршама ауқымды да, жүйелі зерттелгендігін әрі әлі де зерттеліп отырғандығын дәлелдесе керек.

Расында да, диссертант дәл байқағандай, бұл әжептәуір үлкен тарихнамалық көрсеткіш. Осы тұста бұл көрсеткішті қатардағы кәдуілгі факті ретінде ғана қарастыруға болмайды. Бұл көрсеткіштің ғылыми-танымдық астарында әртүрлі әлеуметтік және гуманитарлық ғылым салаларының өкілдері – түрік зерттеушілерінің сан жылдық іс-тәжірибесі түзілген. Осы қисын тұрғысынан сөз болып отырған Орталық Азиялық бұрынғы көшпелі шаруашылық-мәдени харекеттің негізгі субъектілері болған қазақ, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ сынды этностардың мәдени дәстүрлерін әр қырынан және әр деңгейде зерттеген түрік ғалымдарының еңбектерін тарихнамалық тұрғыдан зерттеудің объективтік қажеттілігі сонда, мұндай зерттеу аталмыш ғылыми іс-тәжірибенің, біріншіден, қазірге дейінгі ғылыми зерделену деңгейін, яғни зерттеушілерінің ілкімді жетістіктерін де ғылыми негіздеп дәйектеуге, екіншіден, осы проблематиканың қазіргі замана талап-талғамына сай одан әрі дендеп зерттеудің келешек бағыт-бағдарын айқындауға үлкен мүмкіндік ашады. Осындай ғылыми ұстанымның негізінде диссертант тиісті авторлардың еңбектеріндегі мақсат пен міндеттерді жүзеге асырудың методологиясы (категориялық-ұғымдық құрылымы, қажетті әдіс-тәсілдерді қолданудың деңгейі және т.с.с.), концептуалдық ұстанымдары, деректік негізі мен негіздемесі және дәлелдеу жүйесінің дәйектілігі сынды іргелі аспектілерді тарихнамалық тұрғыда зерттеуге тырысты. Сөйтіп диссертант түрік зерттеушілерінің еңбектеріндегі Орталық Азияның түркітілдес көшпелі халықтарының мәдени дәстүрлерін саралау, олардың ғылыми зердемелері мен бағамдарын салыстырмалы түрде талдау және қазіргі ғылыми дискурсқа қосқан үлесін айқындау сынды қарастырылып отырған диссертацияның басты мақсатын және осыдан туындайтын міндеттерді контекстуалдық, салыстырмалы әдіс, тиісті зерттеулердің құрылымын (архитектоникасын), мазмұнын, деректік негізі мен негіздемесін проблемалық-тақырыптық принцип бойынша сыни бағалау сияқты ғылыми әдістерді қолдану негізінде ойдағыдай атқарып шыққан.

Зерттеу барысында түрік ғалымдарының еңбектерімен қатар, алыс және жақын шетелдік зерттеушілердің, соның ішінде, әсіресе, аталмыш проблематиканың деректік базасын кеңейтуге және зерттеудің теориялық-методологиялық негіздемесін, оның әртүрлі аспектілерін зерделеп дамытуға өлшеусіз үлес қосқан ресей, ресей-совет ғалымдарының зерттеулерін де тарихнамалық тұрғыдан қарастырылуы диссертацияның тағы бір ұтымды жағы деп бағамдауға әбден болады. Өйткені, расында да, Г.Е.Грумм-Гржимайло, В.В. Бартольд, В.А. Гордлевский, кейінгі кезеңдердегі

зерттеушілердің ішінен Г.Е. Марков, С.И. Вайнштейн, Н.Н. Крадин, қазақ ғалымдары С.Е. Толыбеков, Х.А. Арғынбаев, Е.А. Масанов, С. Аманжолов және осы құралыптас басқа да ірі тарихшы, шығыстанушы, этнограф, тілші ғалымдардың еңбектерін зерттеу диссертантқа, ең алдымен, түрік ғалымдарының Орталық Азиялық кезінде көшпелі тіршілік кешкен қазақ, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ сынды этностардың мәдени дәстүрлерін зерделеу ісіндегі орны мен рөлін дендеп саралауға үлкен мүмкіндік берді. Өйткені бұл ғалымдар Түркиядағы тарихи түркологияның (яғни шығыстанудың «түркілік» бағытының), түрік ғалымдарының өздерінің мойындағандарындай, қалыптасып дамуына еш әсіресіз өшпес үлес қосты. Түрік тарихнамасында, соның ішінде аталмыш Орталық Азиялық түркітілдес халықтардың мәдени дәстүрлеріне арналған түркиялық зерттеушілердің еңбектерінде жоғарыда есімдері аталған орыс, орыс-совет, қазақ, қарақалпақ, өзбек ғалымдарының тиісті зерттеулеріне міндетті түрде сүйенетіндектері сондықтан.

Енді диссертациялық жұмыстың кіріспесіндегі хронологиялық диапазон деп аталатын бөлімшенің мазмұны мен ауқымы жөнінде бірер сөз. Сырттай қарағанда, осы бөлімшенің ауқымы мен мазмұны диссертациялық зерттеудің архитектоникалық қалыбынан біршама ұлғайтылып берілгендігі алабөтендеу көрінуі әбден мүмкін. Бірақ бұл бөлімшеде тиісті зерттеулерді үш тарихнамалық кезеңнің аясында қарастыру барысында (1. XX ғ. 20-40 жж. жартысы; 2. осы ғасырдың 40-жылдары – 80 ж. басы; 3. 80-жж. – қазіргі кезең) әрбір кезеңнің тарихи контекстісі, осы уақыт аралығындағы тиісті зерттеулердің методологиялық деңгейі, деректік базасы, мазмұндық сипаттамасы сынды параметрлерінің тарихнамалық сипатталынуы диссертантқа жұмыстың негізгі мәтініндегі қаузалған мәселелерді дәйекті зерделеуге мүмкіндік берді.

Сонымен құрылымы кіріспе, үш тарау мен қорытындыдан және әдебиеттер тізімі мен тиісті қосымшадан тұратын диссертациялық жұмыста М.Т.Морякова өзінің зерттеуші ретіндегі алға қойған мақсаты мен міндеттерін толық орындады. Яғни өз бетімен жекедара зерттеу жүргізуге қабілетті зерттеуші ретінде қалыптасқандығын көрсетті. Демек, Морякова Малика Темирхановна «Түрік тарихнамасындағы Орталық Азия түркітілдес көшпенділерінің мәдени дәстүрлері» атты диссертациясын толық аяқталған және қорғауға лайықты деп санаймын.

Пікір беруші:

Отандық ғылыми кеңесшісі,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
Бас ғылыми қызметкері, тарих
ғылымдарының кандидаты, профессор **Нұрсан Әлімбай**